

**Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы
Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының
«Парламентаризм институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы
республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен Қазақстан Республикасы
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің арасындағы
ынтымақтастық туралы
МЕМОРАНДУМ**

Бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының «Парламентаризм институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Парламентаризм институты) мен «Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет)» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Агенттік),

Тараптардың заңнаманы жетілдіруде өзара жәдемдесу, оқытылатын контингентті даярлауда, қайта даярлауда және біліктілігін арттыруда күш-жігер мен ресурстарды біріктіру, заңтану саласындағы инновациялық әлеуетті тиімді пайдалану қажеттілігін *мойындай отырып,*

екіжақты және көпжақты уағдаластықтар негізінде стратегиялық өзара іс-қимылды *ескере отырып,*

өзара мүдделілік, теориялық және практикалық мәні бар іргелі және қолданбалы зерттеулерді бірлесіп жүргізуді қоса алғанда, заңнаманы тиімді жетілдірудің маңыздылығын *түсіне отырып,*

осы Өзара түсіністік туралы меморандум шеңберінде мынадай түрде ынтымақтасуға уағдаласты:

1. ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ МӘНІ МЕН НЫСАНДАРЫ

1.1. Парламентаризм институтының жазбаша қорытынды ұсына отырып, Агенттік әзірлейтін заң жобаларына талдау жүргізуі жолымен заңнаманың тиімділігін қамтамасыз ету жөніндегі ынтымақтастық.

1.2. Заң ғылымы мен практикасының өзекті проблемалары бойынша өзара тиімді және келісілген шарттарда бірлескен қорытындыларды жоспарлау, ұйымдастыру және жүргізу.

1.3. Құқық қолдану практикасы және заңнамалық реттеу, заңдылық пен құқық тәртібін нығайту мәселелері бойынша әдістемелік құралдар мен ұсынымдар әзірлеу және шығару мақсатында бірлескен авторлық ұжымдар құру.

1.4. Заң ғылымы мен практикасы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөлігінде заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту проблемалары бойынша бірлескен конференциялар, симпозиумдар, дөңгелек үстелдер мен форумдар өткізу.

1.5. Заң ғылымы мен практикасының өзекті мәселелері бойынша өзара консультация беру.

1.6. Заң ғылымы мен практикасының неғұрлым өзекті проблемаларын шешу тәжірибесін зерделеу, заңнаманы қолдану, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында мамандармен алмасу.

1.7. Шарттық негізде ғылыми тағылымдамаларды ұйымдастыру және өткізу.

2. ӨЗАРА АҚПАРАТ АЛМАСУ

2.1. Тараптар, қажет болған жағдайда, құқықтық, талдамалық, ғылыми, статистикалық сипаттағы ақпарат және алмасуға заңнамада тыйым салынбаған немесе шектелмеген өзге де ақпарат алмасуда бір-біріне өзара көмек және жәрдем көрсетеді.

2.1. Тараптар осы Меморандум шеңберінде электрондық пошта арқылы және құжаттар алмасу кезінде алынған ақпараттың құпиялылығын сақтауға кепілдік береді.

2.2. Тараптардың келісімі бойынша бірлескен қызметтің нәтижелерін Тараптардың тиісті органдары (бөлімшелері) бұқаралық ақпарат құралдарында жария етуі мүмкін.

3. ҚОСЫМША ІС-ШАРАЛАР

3.1. Осы Меморандум Тараптардың кез келгенінің бастамасы бойынша ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталған өзге де іс-шараларды өткізу мүмкіндігін жоққа шығармайды.

4. ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК

4.1. Осы Меморандумды орындау шеңберінде құрылған зияткерлік меншік объектілері, сондай-ақ оларға құқықтар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес қорғалады.

5. КЕЛІСІМНІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ ЖӘНЕ БҮЗУ ШАРТТАРЫ

5.1. Осы Меморандум Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

5.2. Осы Меморандумға енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде ресімделуі және оған Тараптар қол қоюы тиіс.

5.3. Осы Меморандумның қолданылу мерзімі – егер Тараптардың бірі екінші Тарапты осы Меморандумның қолданысын тоқтату ниеті туралы оның қолданылуының кезекті кезеңі аяқталғанға дейін бір айдан кешіктірмей жазбаша нысанда хабардар етпесе, келесі бес жылдық мерзімге автоматты түрде ұзартумен бес жыл.

5.4. Тараптардың әрқайсысы өзінің ниеті туралы екінші Тарапты кемінде бір ай бұрын жазбаша нысанда хабардар ете отырып, Меморандумның қолданысын мерзімінен бұрын тоқтата алады.

5.5. Меморандумға 2021 жылғы «24» маусым мемлекеттік және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада қол қойылды.

6. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

6.1. Осы Меморандумды іске асыру процесінде туындайтын және жоспарланған іс-шараларды орындауға кедергі келтіретін даулы мәселелер мен жағдайлар Тараптар арасындағы келіссөздер жолымен ғана шешіледі.

6.2. Даулы мәселелер мен жағдайларды қарау үшін Тараптар екіжақты комиссия құрады, оның қорытындысы Тараптардың келіссөз процесінде ескерілуі мүмкін.

7. ТАРАПТАРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ МЕН ҚОЛДАРЫ

**Қазақстан Республикасының
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас
жемқорлыққа қарсы қызмет)»
мемлекеттік мекемесі**

Мекенжайы: 01000, Қазақстан
Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.,
С. Сейфуллин к-сі, 37
тел: 7 7172 90-90-86,
+7 7172 90-91-29
web-сайт:
e-mail: anticorruption@nab.gov.kz

Төрағанын бірінші орынбасары

Бектенов О.А.



**Қазақстан Республикасы
Президентінің Іс басқармасы
Материалдық-техникалық
камтамасыз ету басқармасының
«Парламентаризм институты»
шаруашылық жүргізу
құқығындағы республикалық
мемлекеттік кәсіпорны**
Мекенжайы: 0100000, Қазақстан
Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.,
Мәңгілік Ел к-сі, 8
тел: +7 7172 248187
web-сайт:
e-mail: parlam.inst@gmail.com

**Директор
Махамбетов М.М.**



Handwritten signature

МЕМОРАНДУМ
о сотрудничестве между Республиканским государственным
предприятием на праве хозяйственного ведения
«Институт парламентаризма»
Управления материально-технического обеспечения
Управления делами Президента Республики Казахстан и
Агентством Республики Казахстан по противодействию
коррупции

Республиканским государственным предприятием на праве хозяйственного ведения «Институт парламентаризма» Управления материально-технического обеспечения Управления делами Президента Республики Казахстан (далее – Институт парламентаризма) и государственным учреждением «Агентство Республики Казахстан по противодействию коррупции (Антикоррупционная служба)» (далее – Агентство) именуемые в дальнейшем «Стороны»,

признавая необходимость взаимного содействия Сторон в совершенствовании законодательства, объединения усилий и ресурсов в подготовке, переподготовке и повышении квалификации обучаемого контингента, эффективном использовании инновационного потенциала в области юриспруденции,

учитывая стратегическое взаимодействие на основе двусторонних и многосторонних договоренностей,

осознавая важность эффективного совершенствования законодательства, включая совместное проведение фундаментальных и прикладных исследований, имеющих взаимный интерес, теоретическую и практическую значимость,

договорились сотрудничать в рамках настоящего Меморандума о взаимопонимании следующим образом:

1. ПРЕДМЕТ И ФОРМЫ СОТРУДНИЧЕСТВА

1.1. Сотрудничество по обеспечению эффективности законодательства путем проведения Институтом парламентаризма анализа проектов законов, разрабатываемых Агентством с представлением письменного заключения.

1.2. Планирование, организация и проведение на взаимовыгодных и согласованных условиях совместных заключений по актуальным проблемам юридической науки и практики.

1.3. Создание совместных авторских коллективов в целях разработки и выпуска методических пособий и рекомендаций по вопросам правоприменительной практики и законодательного регулирования, укрепления законности и правопорядка.

1.4. Проведение совместных конференций, симпозиумов, круглых столов и форумов по проблемам юридической науки и практики, укрепления законности и правопорядка в части противодействия коррупции.

1.5. Взаимное консультирование по актуальным вопросам юридической науки и практики.

1.6. Обмен специалистами в целях изучения опыта разрешения наиболее актуальных проблем юридической науки и практики, применения законодательства, обеспечения законности и правопорядка в сфере противодействия коррупции.

1.7. Организация и проведение на договорной основе научных стажировок.

2. ВЗАИМНЫЙ ОБМЕН ИНФОРМАЦИЕЙ

2.1. Стороны, в случае необходимости, оказывают друг другу взаимную помощь и содействие в обмене информацией правового, аналитического, научного, статистического характера и иной информацией, обмен которой не запрещен или не ограничен законодательством.

2.1. Стороны гарантируют соблюдение конфиденциальности информации, полученной по электронной почте и при обмене документов, в рамках настоящего Меморандума.

2.2. По согласованию Сторон результаты совместной деятельности могут освещаться в средствах массовой информации соответствующими органами (подразделениями) Сторон.

3. ДОПОЛНИТЕЛЬНЫЕ МЕРОПРИЯТИЯ

3.1 Настоящий Меморандум не исключает возможности проведения по инициативе любой из Сторон иных мероприятий, направленных на расширение сотрудничества.

4. ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНАЯ СОБСТВЕННОСТЬ

4.1. Объекты интеллектуальной собственности, созданные в рамках выполнения настоящего Меморандума, а также права на них охраняются в соответствии с гражданским законодательством Республики Казахстан.

5. ДЕЙСТВИЕ И УСЛОВИЯ РАСТОРЖЕНИЯ СОГЛАШЕНИЯ

5.1. Настоящий Меморандум вступает в силу со дня его подписания Сторонами.

5.2. Любые изменения и дополнения к настоящему Меморандуму должны быть оформлены в письменном виде и подписаны Сторонами.

5.3. Срок действия настоящего Меморандума - пять лет с автоматической пролонгацией на следующий пятилетний срок, если одна из Сторон не уведомит в письменной форме другую Сторону о своем намерении прекратить действие данного Меморандума не позднее, чем за месяц до истечения очередного периода его действия.

5.4. Каждая из Сторон может досрочно прекратить действие Меморандума, уведомив о своем намерении в письменной форме другую Сторону не менее чем за один месяц.

5.5. Меморандум подписан «24» августа 2021 года в двух подлинных экземплярах на государственном и русском языках.

6. ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ

6.1. Спорные вопросы и ситуации, возникающие в процессе реализации настоящего Меморандума и препятствующие выполнению запланированных мероприятий, решаются исключительно путем переговоров между Сторонами.

6.2. Для рассмотрения спорных вопросов и ситуаций Стороны создают двустороннюю комиссию, заключение которой может быть учтено в переговорном процессе Сторон.

7. РЕКВИЗИТЫ И ПОДПИСИ СТОРОН

Государственное учреждение
«Агентство Республики Казахстан
по противодействию коррупции
(Антикоррупционная служба)»

Адрес: 01000, Республика Казахстан,
город Нур-Султан
ул. С. Сейфуллина, 37
тел: 7 7172 90-90-86,
+7 7172 90-91-29
web-сайт:
e-mail: anticorruption@nab.gov.kz

Первый заместитель Председателя

Бектенов О.А.



[Handwritten signature of Bektenov O.A.]

Республиканское государственное
предприятие

на праве хозяйственного ведения
«Институт парламентаризма»

Управления материально-
технического обеспечения
Управления делами Президента
Республики Казахстан

Адрес: 0100000, Республика
Казахстан, г. Нур-Султан,
ул. Мәңгілік Ел, 8
тел: +7 7172 248187

web-сайт:
e-mail: parlam.inst@gmail.com

Директор

Махамбетов М.М.



[Handwritten signature of M.M. Makhambetov]

[Handwritten initials]